



"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 маусым N 677

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы
N 3375 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын орындау ісіндегі елеулі кемшіліктер туралы" 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375

U973375_

Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 68-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

7-тармақта:

аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тұрысбеков Зауытбек - Қазақстан Республикасының
Қауысбекұлы Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігінің төрағасы;

Мұтанов Ғалымқайыр - Қазақстан Республикасының
Мұтанұлы Білім және ғылым бірінші вице-
министрі;

Аймақов Бауыржан - Қазақстан Республикасының
Жаңабекұлы Экономика және сауда вице-
министрі;

Жұмағұлов Бақытжан - Қазақстан Республикасы
Тұрсынұлы Президентінің Әкімшілігі Ішкі
саясат бөлімінің меңгерушісі;

мынадай жол:

"Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының
Сергеевич Энергетика, индустрия және
сауда министрі;"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының
Сергеевич Энергетика және минералдық
ресурстар министрі";

көрсетілген құрамнан:

Мұхаметжанов Бауыржан Әлімұлы, Аханов Серік Ахметжанұлы, Ахметов
Әшімжан Сүлейменұлы, Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы, Ертісбаев Ермұхамет
Қабиденұлы шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК